

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Ашық сабақ "Дос болайық"

ЖАРИЯЛАНДЫ 13.05.2022	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ <a href="https://bilimger.kz/120725/">https://bilimger.kz/120725/</a>
--------------------------	---	--

## Күні:

## Білімберу саласы: «Әлеумет»

## Бөлімдері: Өзін өзі тану.

## Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»

**Мақсаты:** «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру, жаңа материалды көрнекіліктер арқылы түсіндіру, сұрақтарға жауап алу, сөйлемдерді аударту, сөздіктерді қайталау, суретпен жұмыс орындату, орышадан-қазақшаға аударту;

Дамытушылығы: Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Балалардың ауыз екі сөйлеу тілін, көру, есту, есте сақтау, ойлану қабілеттерін жан-жақты дамыту;

Тәрбиелігі: Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, баяндау, суретпен жұмыс, қайталату, аударма өзара сөйлестіру әдістері қорытындылау.

**Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, ертегі кейіпкерлері, қорапшалар, слайд.

## Блингвалды компонент: Дос — друг. Достық — Дружба

Ә/К	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
-----	------------------------	-----------------------

<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	<p>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біздің оқу қызметіне қонақтар келді. Бүгін қандай керемет күн. Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді «Дос болайық бәріміз» атты шаттық шеңберіне шақырамын.</p> <p>— Балалар біз барлығымыз шеңберге тұрдық, біздің шеңберіміз қандай тамаша! Бізді достық пен сүйіспеншілікке шақыратындай. Бір шаңырақ астында, Тату тәті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Әрқашан дос біргеміз.</p> <p>Бүгін аптаның қай күні? Қалай айтуға болады? бүгін,ертең,бірсүгіні,арғы күн,қасиеті күн,соңғы күн,азына. <b>«Нұрға бөлену»</b></p>	Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Бүгін Кеше ертең
------------------------------	--	--

<p><b>Іздену ұйымдастырушы</b></p>	<p><b>Әңгімелесу (жаңа сабақ)</b>                  Балалар бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы «Дос болайық бәріміз» — деп аталады.                  Дос, достық дегеніміз адамдар арасындағы жақсы қарым — қатынасты, бір — біріне деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімін айтамыз.                  Достар бір — бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір — бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады.                  Достық сезім тек қана адамдар арасында емес, ел мен елдің арасында да болады. Мысалы біздің Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен достық қарым — қатынаста. Балалар сендер де бір — бірлеріңді ренжітпей тату — тәтті ойнасаңдар, бір — біріне сыйлы болыңдар, сендерде де достық сезім пайда болады.</p> <p><b>Таңғажайып сәт:</b>                  -Есік қағылады. Қонаққа Дымбілмес кіреді. Дымбілмес:                  -Сәлеметсіңдер ме, балалар?                  -Сендер мені таныдыңдар ма?                  -Иә, балалар мен Дымбілмесмін.                  -Балалар мен гүлдер әлемінде тұрамын. Мен сендерге келе жатып, бір допты көріп, қуанып қолыма алып едім, бір бала келіп бұл менің досымның добы-деп алып қойды.                  -Балалар, дос деген кім? -Дымбілмес сен жақсы келдің. Біз бүгін «Достық» жайында әңгімелесіп жатыр едік.                  -Балалар, айтыңдаршы. Достықты қалай түсінесіңдер?                  -Дұрыс айтасыңдар,                  -Біздің балалар достық туралы көптеген тақпақтар мақал-мәтелдер біледі.</p> <p>Таңғажайып сәт.-Есік қағылады. Қонаққа Дымбілмес кіреді. Дымбілмес:                  -Сәлеметсіңдер ме, балалар?                  -Сендер мені таныдыңдар ма?                  -Иә, балалар мен Дымбілмесмін.                  -Балалар мен гүлдер әлемінде тұрамын. Мен сендерге келе жатып, бір допты көріп, қуанып қолыма алып едім, бір бала келіп бұл менің досымның добы-деп алып қойды.                  -Балалар, дос деген кім? -Дымбілмес сен жақсы келдің. Біз бүгін «Достық» жайында әңгімелесіп жатыр едік.                  -Балалар, айтыңдаршы. Достықты қалай түсінесіңдер?                  -Дұрыс айтасыңдар, дос дегеніміз екі адамның бір - біріне деген қарым - қатынасы. Дос деген қиналғанда жанынан табылатын, көмектесетін жанашыр жан.                  -Біздің балалар достық туралы көптеген тақпақтар біледі. Дымбілмес сен ты                  -Дымбілмес, біздің топтың балаларының тату-тәтті, өзара сыйластықта, достық қарым-қатынаста. Саған түсінікті болу үшін, Дымбілмес біздің балалар «Достық» ертегісін сахналап береді.                  -Сен отырып тамашала.                  -Балалар ертегіні сахналауға шақырамын.                  Ертегі.                  Автор: Бір күні Құмырсқа жаңбыр астында қалды. Қайда тығылуға болады? Қараса, орманда тұрған үйді көреді. Жүгіріп барып, сол үйге барып тығылды. Жауын сіркірет жауып тұр.                  Бір кезде қанаттары суланып, әрең ұшып Көбелек келеді: Көбелек-Зарина:                  —Құмырсқа, Құмырсқа! Үстім су болды, ұша алмаймын. Үйіңе кіргізіші!                  Құмырсқа                  -Мен сені қайда кіргіземін?! Өзім де әрең сыып тұрмын, — дейді ол.                  Көбелек                  -Түк те етпейді! Көңіл жақын болса, жер тарлығы оқа емес!                  Автор: Құмырсқа Көбелекті үйге кіргізді.                  Жаңбыр тіпті қатты жауа бастады.                  Осы кезде үйдің қасына ентіге жүгіріп Тышқан келеді.                  Тышқан-                  -Кіргізіңдерші мені! Үстімнен су сорғалап тұр! — дейді Тышқан жалынып.                  Көбелек пен Құмырсқа:                  -Сені қайда кіргіземіз?! Көрмейсің бе, өзімізге де орын жетпей тұр!                  Тышқан:                  -Сығылысып көрейікші!                  Автор: Үшеуі сығылысып, үйді паналайды.                  Ал жаңбыр болса, тоқтар емес, шелектеп құйып тұр. Үйдің қасына секіріп Торғай келді.                  Торғай                  -Қауырсындарым су болды, қанаттарым шаршады! Жаңбыр біткенше үйге кіруге бола ма? Демалып, қанаттарымды, үстімді кептіріп алайыншы! — деп жылап жіберді кішкентай Торғай.                  Құмырсқа, Көбелек, Тышқан:                  -Орын жоқ қой, сені қайда кіргіземіз?                  Торғай:                  -Өтінемін, жылжып көріңдерші!                  -Жарайды, кіре ғой!                  Автор: Құмырсқа, Көбелек, Тышқан жылжып, үйге Торғайды да кіргізді.                  Осы арада алқапқа ырғып шыққан Қоян үйді көріп айқай салды.                  Қоян                  -Құтқарыңдар! Менің артымнан Түлкі қуып келе жатыр, қай жерге тығыламын, қай жерге жасырынамын? Көмектесіңдер!                  Құмырсқа:                  — Тағы қысылысып көрейікші, Қоян сондай аянышты болып тұр! — деді                  Құмырсқа.                  Қоян да тығылып үлгерді, дәл сол кезде Түлкі жүгіріп келді.                  Түлкі                  -Қоянды көрдіңдер ме? — деп сұрады.                  -Жоқ, көрмедік.                  Түлкі үйге жақындап, тұмсығымен түрткілеп иіскей бастады.                  -Осы жерде Қоян тығылып тұрған жоқ па?                  -Ол бұл жерде қалай тығылады, өзіміз сығылысып зорға сыйдық!                  Автор: Түлкі сары құйрығымен әрі-бері бұлаңдатып кетіп қалды.                  Осы кезде жаңбыр тоқтап, күннің жарқыраған көзі ашылды. Үйден бәрі қуана-қуана алқапқа жүгіре шықты.                  -Барлығы бір-біріннің қолдарынан ұстап: «Досы көпті жау алмайды»  <b>Дәйек сөз.</b> «Достық асыл қазына»  <b>Ойын</b> «Нағыз дос болайық»  <b>Тыныштық сәті.</b></p>	<p>қолымен шақырады                  қолдарынан ұстайды                  айналады                  қолдарын көкке созады                  құшақтасады                  Дымбілмес  <b>Кәусар</b>                  Дос дегеніміз екі адамның бір біріне деген қарым қатынасы. Дос деген қиналғанда жанынан табылатын жанашыр жан.  <b>Нұрислам</b>                  Дөңгелене тұрамыз тұрамыз                  Керегені құрамыз                  Уықтар боп иіліп                  Шаңыраққа киіліп                  Достық үйін құрамыз  <b>Раян</b>                  Біз балдырған баламыз                  Досты көп табамыз                  Қашан да қайда да                  Біз бірге боламыз  <b>Адия</b>                  Қыздырынып күнге біз                  Ән саламыз күнде біз                  Балдай тәтті достармыз                  Біз қашанда біргеміз  <b>Айзере</b>                  Достығымыз берік боп                  Бекітейік беріп қол                  Қуанышты күндерде                  Қандай жақсы дос болған  <b>Айкөркем</b>                  Ауыр сөз айтқан дос емес  <b>Ажар</b>                  Айырмастай досыңа                  Қайырымдамай сөз айтпа  <b>Аия</b>                  МЕНІҢ досымның ең адал шынайы болғанын қалаймын.  <b>Исмоил</b>                  Досы көпті жау алмайды                  Ақылы көпті дау алмайды  <b>Улғзод</b>                  Дос ақылыңа қарайды                  Дұшпан киіміңе қарайды  <b>Нұрахмет</b>                  Жақсы мен дос болсаң                  жетерсің мұратқа                  Жаман мен дос болсаң                  қаласың ұятқа  <b>Алихан:</b>                  Досыңа бол адал жан,                  Бірдей бөліс сынақты.                  Бір нүктеге қадалған екі                  көздің сияқты.  <b>Анелъ:</b>                  Екі деген — екі дос,                  Бірін — бірі сыйлайтын.                  Артық кемді етпей сөз.                  Бірін бірі сыйлайтын.</p> <p>Балалар ертегіні сахналады.</p> <p>Ойынды қызығып ойнады.                  Шығармашылық жұмысқа белсене қатысып, әнді айтты.</p>
------------------------------------	--	---

<b>Рефлексті кiшы</b>	Сұрақ-жауап. -Бүгін біз достар туралы әңгімелестік. Достарымызға үнемі жақсы, жылы сөздер айту керектігін үйрендік. Достықты тек сөздер арқылы ғана емес, жақсы істер арқылы табуға болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі. Достықтарың ұзақ, тұрақты болу үшін бір-біріңе көмектесіп, адал болуларың керек. Сонда ғана достықтарың берік болады.	Балалар сұрақтарға жауап берді.
-----------------------	---	---------------------------------

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білді:** достықты, татулықты, бауырмашыл болып өсуді;

**Қандай түсініктерді игереді:** сұрақ-жауап арқылы әңгімелеуді, ертегі желісін.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** достықты қадірлей білуді; Досына қиянат жасамауға үйренеді.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.